

Мәслихаттың 2020 жылғы 28 тамыздағы № 69 "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 98 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 желтоқсанда № 9665 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес Денисов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы" 2020 жылғы 28 тамыздағы № 69 шешіміне (2020 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9422 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің орыс тіліндегі 2-қосымшасында 15-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті жиыrmасыншы сессиясының төрағасы, Денисов
аудандық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы*

С. Шерер